

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

# Ақтөбе университеті

argugazeti@mail.ru | № 11 (387) 15 маусым 2016 ж | 1996 жылдан бастап шыға бастады

"Ақтөбе Университеті" Газеті | АРГУ им. К.Жубанова | +7 7132 241 831


31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

## ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ



**Өткен ғасырдың 30-50-ші жылдары қазақ халқының тарихында қара таңба басылған зұлмат жылдар есебінде есте қалады. Қолдан жасалған ашаршылық, халықтың бетке шығар қаймағын түп тамырымен құртқан кезеңде санымыз да, сапамыз да ойсырай зардап шекті. Есімізді жиып, егемендік алғаннан бастап, қаралы жылдарды еске алып, жапа шеккендердің рухына тағзым ете бастадық. Еліміз бойынша 31 мамыр- Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.**

Университетімізге есімі берілген халқымыздың адал ұлы, ғұлама ғалымы Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың да емірі де осы зұлматта қыршынынан қиылған еді.

Университеттің бір топ оқытушылары, студенттері Қ.Қ Жұбанов ескерткіші алдына жиналып, ғалымды еске алды. Митингіде университеттің проректоры Телеген Ботағариев, «Жұбановтану» зертханасының меңгерушісі Болат Баймұханов,ғалымның немересі Ардақ Жұбанова, E-Learning орталығының директоры Егізбай Сақпанов сөз сөйледі.

Митингіге қатынасушылар ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

**Өз тілшіміз**

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

## МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ КҮН



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жыл сайын университетімізде жастар ұйымдары және студенттермен жұмыс бөлімі мамандары және кәсіподақтың ұйымдастыруымен балалар мерекесі өткізіледі. Бұл игі дәстүр биыл да жалғасын тапты.

Университет профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің бүлдіршіндеріне арналған жарқын мереке бұл жолы ауа-райының қолайсыздығына орай табиғат аясында өткізілмегенмен, ол бүлдіршіндердің мерекені жоғары деңгейде атап өтулеріне еш кедергі болмады. Студенттер сарайының кең кіре-берісі сәбилердің шат – шадыман күлкісіне оранып, олармен бірге үлкендер де мәз болды. Алдымен балалар түрлі көңілді әндерге би билеп, ойындар ойнады. Одан соң әртүрлі формадағы көпіршікті барлық бала қызыға тамашалады.

Бұл күні балаларға мультфильм кейіпкерлері де қонаққа келді. Бүлдіршіндер Спанч боб, Робот кейіпкерлерімен түрлі ойындар ойнап, олармен естелік суретке түсті. Балалардың қызылды-жасылды түстерді жақсы көретіні сөзсіз. Мерекені ұйымдастырушылар оған да аса мән берipтi. Балалар бұл күні беттеріне өз қиялындағы суреттерін салдырып, ерекше қуанышқа бөленді.

Әрине, сәби үшін әр күн мерекеге толы болуы керек. Дегенмен ресми мерекелерінде оларға айырықша көңіл бөліп, оларды қуанышқа бөлеудің өзі ең үлкен бақыт. Мереке барысында бүлдіршіндерге тәтті балмұздақтар таратылды. Балмұздақты жеп, ауыздарын бүлдірген сол балалардың түрлерінің өзі тәтті еді. Балалар әркез бақытты болсыншы...

**Жадыра АРЕН**



## ОҚИҒА ҚҰРБАНДАРЫНА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Жастар ұйымдарының өкілдері мен студенттер жексенбіде болған оқиға құрбандарына тағзым ретінде «Паллада» дүкенінің алдына гүл шоқтарын қойды.

Жастар бірауыздан жиналып, алдағы уақытта елімізде, қаламызда мұндай келеңсіз оқиғалардың болмауына тілектестіктерін білдіріп, оқиға кезінде қаза тапқан азаматтарға тағзым етті.

- Бүгін, міне, облыстық жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Жас Отан» жастар қанатының қолдауымен жастар ұйымдарының мүшелері, белсенді қала жастары бас қосып, гүл шоқтарын қойып отыр. Біз, жастар, қаламызда бейбіт уақытта осындай оқиғаның орын алғанын ұмытпаймыз. Тәуелсіз елімізде енді ешқашан мұндай жағымсыз жағдайлар болмасын деп тілейміз. Біз кез келген террорлық іс-әрекеттерге қарсымыз! — дейді «Жас Отан» жастар қанатының Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Асылжан Бүркіталин.



## ЖАСТАР ҚАН ТАПСЫРДЫ

Жастар оқиға құрбандарына арнап гүл шоқтарын қойған соң облыстық қан орталығына барып, қан тапсырды.

Облыстық жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Әсет Жомарттың айтуынша, осы аптада 100-ге жуық жас қан тапсырған Мақсат - жексенбіде орын алған оқиғада зардап шеккен құқық қорғау органдары қызметкерлері мен басқа да азаматтарға көмектесу.

- Аз ғана болса да көмегіміз тисін деген ниетпен бүгін бір топ жас қан тапсырғалы отырмыз. Жастардың арасында Қазақ-орыс халықаралық университеті, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің студенттері бар, - дейді Ә.Жомарт.

Ал облыстық қан орталығының сапаны бақылау бөлімінің меңгерушісі Ләззат Жуасова қазіргі кезде орталықта қан қоры бар екенін айтады.

- 5 маусым қасіретті оқиға болған күні орталықта қан қоры болды. Сондай-ақ, медицина саласында білім алып жатқан студенттер қан тапсырды. Қазіргі кезде қан тапшылығы жоқ. 2-3 күннен бері тұрғындар келіп қан тапсырып жатыр. Бүгін, міне, жастар келіп, кезекке тұрып, қан тапсыруда. Көпшіліктің бірауыздан келіп, донор болып, өзгелерге көмектесіп жатқанына біз қуанамыз. Донорлардың тапсырған қандары тек жараланған азаматтарға ғана емес, науқастарға, ота жасатқан адамдарға, балаларға да құйылып жатыр. Қазір бізге теріс резусты донорлар жетіспейді, - дейді бөлім меңгерушісі.

Оның айтуынша, 5 маусымнан бүгінге дейін 200-ден астам адам орталыққа келіп, қан тапсырған.

**«Ақтөбе ғазеті» №100-101.**
**9 маусым 2016 ж.**

# МЕРЕЙЛІ 60 ЖАСҚА ТОЛДЫ

**Жақында университетімізде физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Сабыржан Жұбаевтың 60 жылдық мерейтойы аталып өтті. Ғалымды құттықтауға университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев бастаған бір топ физик-математик ғалымдармен, оқу орнымыздың оқытушылары, институт директорлары мен факультет декандары бас қосты.**



Алғаш сөз кезегін алған оқу ордамыздың басшысы Кенжеғали Кенжебаев осы кештің қадірлі қонағы Сабыржан Жұбаевтың анасына құттықтау лебізін білдіріп, Сабыржанға ағалық ақ тілегін жеткізді. Қазақтың игі дәстүрімен университет басшысы мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

Мерейлі кеште физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Жайшылық Алмағанбетов, доцент Қожабек Ниязмағанбетов, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Игорь Спивак-Лавров, институт директорлары мен факультет декандары, қаламыздағы басқа да жоғары оқу орындарынан келген екілдер, Сабыржан ағайдың туыстары ғалымға өздерінің жүрекжарды құттықтау тілектерін арнады.

Кешке жиналғандар естелік суреттерге түсіп, университет музейін аралап, одан соң арнайы қонақтарға жайылған ақ дастарқаннан дәм татты.

**Өз тілшіміз**



## АБЗАЛ АЗАМАТ, СЫЙЛЫ ӘРІПТЕС

Сабыржан Тарғынұлы Жұбаев 1956 жылы 8 маусымда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында дүниеге келген.

1973 жылы Қобда ауданының орталығы Ново-Алексеевка поселкесіндегі орта мектепті «Алтын медальмен» бітіріп, сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) физика факультетіне оқуға түсті. Университет қабырғасында жақсы оқи жүріп «Күн сәулесінің радиациялық тұрақтылығы» тақырыбында ғылыми жұмыс жаза бастады.

Жоғары оқу орнын аяқтап, Ақтөбе педагогикалық институтына (қазіргі К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне) арнайы жолдамамен «Жалпы және теориялық физика» кафедрасына оқытушы болып қабылданды. 1983-86 жылдары Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің күндізгі аспирантурасында оқып, «Жартылай өткізгіштер, диэлектриктер физикасы» бойынша маманданды. 1988 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын қорғады. Шетел және отандық ғылыми журналдарда 35-тен аса еңбегі және халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда мақалалары жарияланған

Университеттің сырттай оқу факультетінің деканы, әлеуметтік-экономикалық және тәрбие ісі жөніндегі проректоры болып қызмет атқарды.. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне 50 жыл мерейтой медалімен, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға» сіңірген еңбегі үшін белгісімен марапатталған.

Сабыржан Тарғынұлы адамгершілігі мол, жан-жақты қабілетті, ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беріп отыратын парасатты азамат болуымен қатар, ұтқыр ойлы әзілқой тапқырлығымен ұжымында беделді және сыйлы әріптес.

Жұбайы Жанар Сақиқызы облысқа, қаламызға белгілі жоғары білікті дәрігер. Қызы Айнұр Астана қаласында банк қызметкері, жолдасы Достан заңгер, ғылым кандидаты. Ұлы Алимжан физика ғылымдарының Ph докторы, жұбайы Раушанмен Голландия елінде тұрады..

Қазіргі таңда жұбайы Жанар Сақиқызымен үш немеренің ата-әжесі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті техникалық факультетінің «Жалпытехникалық пәндер» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы осы университеттің физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Жұбаев Сабыржан Тарғынұлын мерейлі тойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық жетістіктер, отбасына абырой атағымен, шапағат нұрымен ұзақ ғұмыр тілейді!

**Кафедра ұжымы**




# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) тарапынан жүргізілген 2016 жылғы Қазақстан Республикасы ЖОО білім бағдарламаларының ұлттық ранжирлеуіне қатысты.

Агенттік маман даярлау бағыты мен деңгейі бойынша ҚР 51 жоғары оқу орындары арасында тәуелсіз рейтинг өткізді.

Аталған рейтингтің әдіснамалық негізіне ҚР Білім және ғылым министрлігі мен халықаралық электрондық ресурстардың жалпыға қолжетімді көрсеткіштері алынды. Атап айтқанда, ЖОО-ның институционалды және мамандандырылған аккредителуі, білім беру гранттарының, «Алтын белгі», «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлерінің саны, ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін берілген мемлекеттік, атаулы сыйлықтар мен стипендиялар, ғылыми гранттар, патенттер мен енертабыстар, сондай-ақ Хирша (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters и Scopus) индексі бойынша елшенетін жарияланымдар.

Рейтинг әрбіреуінің меншікті салмағы 25% болатын төмендегі 4 индикатор бойынша жүргізілді: «Дарынды студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің көп шоғырлануы», «Академиялық ұтқырлық», «Бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігі» және «Мамандық оқытушыларының, магистранттар мен докоранттарының ғылыми жарияланымдарының бәсекеге қабілеттілігі».

Рейтингтік зерттеулер аясында төмендегілер анықталды:

ЖОО мамандықтарының рейтингісі;

маман даярлау бағыттары бойынша ЖОО бас рейтингісі;

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары ПО құрамының бас рейтингісі.

Маман даярлау бағыттары бойынша ЖОО бас рейтингісінде университет келесі орындарды иеленді:

5 орын: «Білім беру», «Жаратылыстану ғылымдары»;

7 орын: «Гуманитарлық ғылымдар»;

9 орын: «Әлеуметтік ғылымдар».

Жүргізілген рейтинг нәтижесінде университетіміздің 6 білім бағдарламасы келесі жетекші орындарға ие болды:

1 орын: 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
2 орын: 5В011000-Физика;
3 орын: 5В060100-Математика;
5В020300-Тарих;
6М020300-Тарих;
6М020500-Филология.

Сонымен қатар ҚР жоғары оқу орындары ПО құрамының бас рейтингісінде бәсекеге қабілетті оқытушылардың ТОП-50 қатарына келесі әріптестеріміз енді:

13 орын Шүңкеев Қ Ш. (2700 балл);
40 орын Спивак-Лавров И.Ф. (1500 балл);
47 орын Цыганков И.Г. (1300 балл).

Аталған мамандықтардың ұжымы мен жетекші орын алған оқытушыларды үлкен жетістіктерімен құттықтаймыз!

**Стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасы**



# БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ

Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай университетіміздің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың мемориалдық кешеніне гүл шоқтарын қою рәсімін ұйымдастырды.

Салтанатты шараға бірнеше қонақтар келді, соның ішінде облыс әкімі мен қала әкімі және мәслихат хатшылары, Ә.Молдағұлова атындағы мұражай қызметкерлері мен батыр қыздың тумалары, 20-дан астам мекемелер мен ЖОО басшылығы, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

**Өз тілшіміз**



# МАМАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРДЫ

**Жақында Ақтөбе облысының прокуратурасы құқықтану мамандығының 2015-2016 оқу жылының бітіруші түлектеріне ашық есік күнін ұйымдастырды. Мақсаты – бітіруші түлектерге таңдаған мамандығының қыр-сырын меңгертіп, оның қиын тұстарын жете түсіндіру.**

Заң пәндер кафедрасының оқытушылары А.А.Абуов, Л.А.Мурсалова студенттерге жетекшілік етіп, аталмыш шараның мәнді, қызғылықты өтуіне ұйытқы болды. Прокуратура қызметкерлері ашық есік күніне бір кісідей атсалысты. Атап айтсақ, Ақтөбе облыстық прокуратурасының кадр басқармасының бастығы Жанболат Аимбаев Жанболат, кадр басқарма прокуроры Маншук Измұхамбетова, облыстық прокуратура аппаратының бас маманы Нұрлыбек Абатов, прокуратура органдарының ардагерлер кеңесінің терайымы Мария Таджибаева студенттерге түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізді. Жанболат Рахметоллаұлы студенттерге прокуратура органдарының қызметкерлерінің атқаратын қызметі, прокуратура органдарына жұмысқа орналасу үшін қойылатын талаптар туралы тоқталып өтті. Студенттер де көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, нақты жауап алды.

«Ақтөбе облысының прокуратурасының тарихы» тақырыбында қысқаша метражды фильм көрсетілді.

Прокуратура қызметкерлерімен бірге студенттер мұражайға саяхат жасады. Құқықтану саласына еңбегі сіңген қызметкерлердің өмірімен, құнды ғылыми еңбектерімен танысып, тарихи жәдігерлерді тамашалады.

Шара соңында студенттер прокуратура қызметкерлерімен естелік суретке түсті. Ашық есік күні студенттер үшін өте маңызды күн болды. Осындай шараның өтуіне септігін тигізген заң пәндер кафедрасының оқытушыларына алғыс айтып, игі істердің жалғасын таба беруіне тілек білдірді.

**Ләззат МУРСАЛОВА,**
**заң пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

# АСТАНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫ ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ

Астана қаласында 25-26 мамырда өңірдің экономикалық және саяси өмірі саласындағы жыл сайынғы оқиға - IX Астана экономикалық форумы өтті. Оның тақырыбы - «Жаңа экономикалық шынайылық: әртараптандыру, инновациялар және білім экономикасы» деп аталды.

Аталмыш тақырып шеңберінде әлемдік экономиканы дамытудың негізгі үрдістері мен сынтегеуріндері, сонымен қатар, жаңа экономикалық шынайылық дәуірінде ұзақ мерзімді экономикалық өсумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Осы шараның маңыздылығын түсіну барысында экономика және құқық институтының профессор - оқытушылар құрамы онлайн жүйесінде форумға қатысты. Нәтижесінде форумда көтерілген мәселелерді өзара талқылап, тағылымы мол басқосудан елдер арасындағы экономикалық қарым-қатынас, әлеуметтік мәселелер бойынша тұжырымдамалар жасалды.

**Жанат БАЙШУКІРОВА,**
**қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы**



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ БАСТЫ ПАРЫЗ



Жақында экономика және құқық институтында заң пәндер кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты Бақытгүл Исмаилованың басшылығымен, кафедра оқытушылары Төремұрат Бисембиев пен Ләззат Мұрсалованың ұйымдастыруымен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Толыбаев Ербол Мұратұлының қатысуымен «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзгеде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында құқықтану мамандығының 2 курс студенттеріне дәріс өткізілді.

Ербол Толыбаев дәрісті студенттерге қазақ және орыс тілдерінде жүргізді. Студенттерге тәжірибеден көптеген мысалдар келтіріп, оларды атап өтті. Сабақ барысында студенттер сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Дәріс қызықты өтті. Соңында студенттер естелік суретке түсті.

**Айгерім ИГЕНОВА,**
**құқықтану мамандығының 2 курс студенті**

# С ЮБИЛЕЕМ, АЛЬМА-МАТЕР!



Время скоротечно, и вот уже полвека нашему вузу, давшему путевки тысячам «инженеров человеческих душ».

Невольно возвращаешься в те неповторимо дорогие и родные годы - в студенчество Вспоминаются преподаватели, которые встретили нас и вели все четыре года, вкладывая в нас все то, что считали необходимым и нужным.

Это наш ректор Павел Степанович Щетинин, с виду строгий, неприступный, а в душе – просто отец. Помним и Илью Яковлевича Сулковского, декана нашего факультета, заядлого шахматиста, который и за шахматной доской чувствовал нас, своих подопечных. А истинный знаток старославянского языка Клавдия Тимофеевна Кринова! Это и Живоглядова Рената Карповна, не позволявшая ни себе, ни другим отступления от темы. Недаром студенты сочинили шуточное двустишие:

«Рената – родные пенаты,
Сулковский словно сенатор».

А XVIII век пронизывал всю личность Веры Николаевны Смирновой. В ней все - раритет. И костюмы с пелериной, и шапочки, и даже зонт какой-то особенный. Она и вела у нас литературу XVIII века.

Спортсмен, физрук, никому не дававший спуску ни на лыжне, ни на беговой дорожке Вениамин Никанорович Перегудов, которого студенты с любовью называли «Витамин Макароныч».

Когда открыли факультет физической культуры, он стал деканом.

С большим почтением относились и относимся к Айталиеву Амангельды Абдрахмановичу. Излишней подвижностью, присущей нам, юным и мало что понимающим об особенностях нашего менталитета, однажды мы встретили своего учителя, философа шумом, несколько не соответствовавшим девочкам. И тогда, глядя поверх всех нас, он сказал фразу, которую, я думаю, помнит каждый из нас…

Нашу группу РКО делили на 2 подгруппы для изучения иностранных языков: немецкому языку нас обучала Маглели Людмила Федоровна. Отзывчивая, мягкая, добрая и очень красивая. А английскому языку учила Наиля Файзрахмановна Агишева (Мухаметхузина), наш куратор. Она закрепила делом мысль, доведенную до нас А. А. Айталиевым: «Какими должны быть казахские девушки?». Это были доверительные беседы - рекомендации, обмен мнениями в аудитории и в студенческом общежитии. Все это подавалось без намека на давление, без резких характеристик. На пенсию она вышла в звании Почетного профессора АГПИ.

Хочется остановиться на своих сокурсниках.

Это Бертлеуова Рауля, долгие годы проработавшая учителем в Иргизском районе, мама восьмерых детей.

Бисенов Газиз, профорг группы, работавший директором Кенсахаринской СШ, ныне его нет в наших рядах.

Досмурзаева Аймекен, трудилась в школе, затем в вузе.

Дослиева Мензада долгие годы работала в системе образования Темирского района, директором Теректинской СШ и директором СШ №2 промысла Шубаркудук.

Кунжанаписова Зинеп, до самой пенсии работавшая в школах Мартукского района.

Турсынбекова Меруерт, сорок лет проработавшая в вечерней школе Актобе.

Терекова Фариза, много лет отдавшая родным стенам университета, и поныне является преподавателем там же, доцент АРГУ имени К. Жубанова.

Мунайтпасова Алтын, очень грамотный специалист, толковый руководитель – директор школы-интерната в Курайлы, мама-героиня, воспитавшая шестерых детей.

Оразалина Рая истинная патриотка своего края – города Челкара, 37 лет проработавшая в школе.

Умбетова Инкар, вплоть до пенсии работавшая в Айтекебийском районе.

Все мы достигли определенного возраста, состоялись как жены, матери, бабушки, есть в нашей группе и две прабабушки: это я и Сейлова Рая. Состоялись как специалисты. Это кандидат педагогических наук Досмурзаева А., кандидат филологических наук Терекова Ф., доцент АРГУ имени К.Жубанова. Отличники просвещения: Досалиева М., Оразалина Р., Мунайтпасова А., во главе с нашим куратором Наилей Файзрахмановной.

Особо хочется отметить Таженову (Спаганбетову) Жуму Сагинтаевну, сразу ушедшую в госорганы, но не прерывающую связи с нами никогда.

Общаемся, может, и не так часто, как хотелось бы, но встречи имеют место. И, как всегда, наша Наиля Файзрахмановна встречает нас словами: «Так, девочки, все собрались, кого нет?». Хотя мы уже давно бабушки, все же очень приятно, когда нас помнят молодыми.

Успехов тебе, наша дорогая, альма-матер!

И нам не страшен ни вал девятый,
Ни холод вечной мерзлоты.
Ведь нас, ребята, ведь нас, ребята,
Отсюда выпустили в жизнь!

**Мензада ДОСЛИЕВА,**
**выпуск 1971 года,**
**«Русский язык для казахских школ».**

# МЕРЕЙІ ҰСТЕМ, ТҰҒЫРЫ БИІК

«Тойдың болғанынан, боладысы қызық» демекші, көптен күткен университетіміздің 50 жылдық мерейлі мерекесі де етті. Екі күнге созылған мерекелік шараға адам көп жиналды.

Батыс өңіріндегі іргелі оқу орнына айналған киелі шаңырақ Жұбанов ордасының 50 жылдығына арналған салтанатты шараның алғашқы күнінде Жастар сарайында университет ұжымы мен қонақтарға ретро-концерт қойылып, одан соң жиналғандар «Алғашқы махаббат» спектаклін тамашалады.

Келесі күні университеттің барлық корпустарында, факультеттерде және бас ғимараттың әкімшілік белігінде университетке еңбегі сіңген, көп жылдардан бері қызмет атқарып келе жатқан профессор-оқытушылар мен қызметкерлер университеттің 50 жылдығына арналған төсбелгімен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Университет алаңы жүздері қуанышқа толы жандармен лық толды. Салтанатты кешке жиналған ардагерлер, қонақтар алдымен университет музейіне экскурсия жасап, университетке есімі берілген тұңғыш лингвист ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бір сәт үнсіздікпен еске алды.







Салтанатты жиын Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы Құрманғазының «Балбырауын» күйімен шымылдығын ашты. Осыдан кейін университет тарихынан, қазіргі материалдық-техникалық базасы, оқу орнының жетістіктерінен сыр шертетін деректі фильм жиналғандар назарына ұсынылды.

Алғашқы сөз университет басшысы, профессор Кенжеғали Кенжебайұлына берілді.

- Университеттің негізі 1966 жылы қаланып, алғашында физика, математика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тіліндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша 250 студентке білім беруден басталды. Қазір 71 мамандық бойынша кадр дайындайтын 50 жылдық тарихы бар Батыс өңіріндегі белді оқу орнына айналып отырмыз. Осы күнге дейін оқу ордамыз 70 мыңнан астам түлекті ұшырып, олар еліміздің түкпір-түкпірінде белді қызметтерді абыроймен атқарып, ел игілігіне жұмыс атқаруда. Қазір университетімізде 36 профессор және ғылым докторлары, 8 PhD докторы, 280 ғылым кандидаттары мен доценттер бар»,- деген оқу ордамыздың басшысы білім ордасының материалдық-техникалық базасына, университет жетістіктеріне кеңінен тоқталып етті.

Кезек құттықтауларға берілді. Кеш жүргізушілері университет түлегі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР Президент әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі Ондасын Оразалиннің және Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжановтың арнайы жіберген құттықтауларын оқыды.








Облыс әкімінің орынбасары Асқар Биахметов облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың арнайы құттықтауын жеткізіп, университеттің бір топ профессор-оқытушыларына Алғыс хаттар табыс етті. Сондай-ақ, жиын барысында ҚР Президентінің мұрағаты директоры Борис Джапаров Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев пен университет оқытушылары филология ғылымдарының докторы, профессор Әдебиет Молдаханов, доцент Қожабек Ниязмағанбетов, педагогика ғылымдарының докторы Клара Теребаева мен Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты Әділғали Сағымбаевқа ҚР Жоғары оқу орны қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы ордені мен медальдарын салтанатты түрде табыс етті.

Бұл кештің қадірлі қонақтары филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құдайбергенұлы мен биология ғылымдарының докторы, профессор Ажар Жұбановалар барша жиналған қауымды мерейлі мерекелерімен құттықтап, университет басшылығына, ұжымына ездерінің жүрекжарды жылы лебіздерін жеткізді.

Салтанатты кеште танымал әншілер Орал Байсеңгір, Дулат, Рита Айтжановтар, «Наз» триосы, Әйгерім Жұмабектер әсем әндер шырқап, кештің көркін ашты.

Бұл күні құттықтауларда шек болмады. Университет түлектері, қаламыздағы басқа жоғары оқу орындарының, орта кәсіптік білім беру орталықтарының, мекемелердің өкілдері келіп, құттықтауларын жолдап жатты.

**Жадыра АРЕН**



## ҚҰРМЕТТІ КЕНЖЕҒАЛИ КЕНЖЕБАЙҰЛЫ!

Өткен ғасырдың сонау 60-шы жылдарының ортасында Ақтөбе педагогикалық институтынан бастау алған білім отауы бүгін, міне, арада орта ғасыр салып, Қазақстан білім-ғылым саласының ащысы мен тұщысына, ыстығы мен суығына, жеңілдігі мен қиыншылығына, қуанышы мен реніішіне, жетістігі мен кемшілігіне өмір заңдылығына сәйкес ортақтасып, егемен еліміздің заманауи талабына лайық деңгейде абыройлы да ғибратты қызмет жасап жатқан әртарапты һәм толыққанды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне айналып отыр.

Қадірменді Кенжеғали Кенжебайұлы! Өзіңіз көп жылдар бойы басқарып келе жатқан руханият мекемесімен, оның ішінде әсіресе экономика факультетінің ұжымымен соңғы 15 жыл арасында азды-көпті байланыста болғанымды, университеттің жоғары білікті оқытушы кадрларын дайындауға қосқан менің аз кем еңбегімді бағалап, езіңіз кезінде ғылыми кеңес атынан маған университеттің құрметті профессоры атағын бергеніңізді айрықша мақтан тұтамын Алдағы уақытта да тығыз ықпалдастықта болуға жазсын деп тілеймін

Барша университет ұжымының болашақта талай-талай мерейтойларға қол жеткізіп, еліміздің шырғалаң да даңқты тарихында ойып алар орны бар ізгілікті және рухани іс-әрекеттерге мол қасиетті де киелі тәрбие-білім –ғылым ордасы бола беруіне шынайы тілектестігімді білдіремін. Лайым солай болғай!

**Орақ АЛИЕВ,**
**экономика ғылымдарының докторы,**
**Қазақстан экономикалық ғылымдар академиясының академигі,**
**шаруашылық философиясы академиясының толық мүшесі (Ресей)**

## ҚҰРМЕТТІ КЕНЖЕҒАЛИ КЕНЖЕБАЙҰЛЫ!

Осыдан 50 жыл бұрын Ақтөбе өңірінде құрылған жоғары оқу орны бүгінде халқымызға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады. Елу жылдық тарихы бар білім орласы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп келеді.

Оқу ордасы осы мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады.

Университет ез дамуы мен қалыптасуы жолында күрделі де үлкен кезеңдерден етті. Университеттен түлеп ұшқан шәкірттеріңіз республикамыздың түкпір-түкпірінде белді де беделді қызметтер атқарып, еліміздің дамуына ез үлестерін қосып келеді, олар тек Қазақстан аумағында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін зор мақтанышпен атап ету қажет.

Ұстаздық – бұл әлемдегі ең ұлы және ең құрметті мамандық. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі – адамзат еркениетінің басты құндылығы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» - деп айтқандай, тәрбие бесігінің бастауында тұратын ұстаздар қауымының қоғам алдындағы жауапкершілігі ерекше.

Бүгінде педагогика саласына білікті маман дайындау күн тәртібіндегі езекті мәселелердің бірі болып отыр. Болашақ педагог мамандарды дайындауда жоғарғы оқу орындарының алдына қойылатын талап та ете жоғары. Өз іргетасын 1966 жылы қалаған бұл оқу орны еліміздің батыс өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ даласына білім нұрын теккен ағартушы оқу орындарының бірі деп айта аламыз.

Құрметті Кенжеғали Кенжебайұлы! Сіздің университет ұжымының білім сапасы жоғары, бәсекеге қабілетті педагогикалық мамандарды тәрбиелеуді жүзеге асыру жолындағы еңбектері нәтижелі болып, алдағы уақыттарда да алар асуларыңыз бен бағындырар белестеріңіз мол болуына тілектеспіз!

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы жолындағы жауапты қызметтеріңізге зор табыс тілеймін!

**Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,**
**«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы**
**Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ директоры, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі**

## ҚҰРМЕТТІ КЕНЖЕБАЕВ КЕНЖЕҒАЛИ КЕНЖЕБАЙҰЛЫ!

Осыдан 50 жыл бұрын Ақтөбе өңірінде құрылған жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған киелі шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады.Елу жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп жүр.

50 жыл мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден етті. Университеттің өмір сүру кезеңдері мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасып келді. Түлектеріңіз тек қана Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап ету қажет.

Осы біздер, жас мамандар еліміз үшін еңбек етіп, халқымыздың жағдайын жақсартып, Қазақстан үшін ерінбей терлерін тегіп, университетіміздің атағын асқақтататын жас Жұбановтар көбейе берсін!

**Г.М.ДЖАФАРОВ,**
**ОРДО директоры**

## ҚАДІРЛІ КЕНЖЕҒАЛИ КЕНЖЕБАЙҰЛЫ!

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ақтөбе облыстық ұйымының басқармасы мен төралқасы атынан Сізді, профессор-оқытушылар құрамын, білім ордасының барлық ұжымын, отбасыларыңызды университеттің 50 жылдық торқалы тойымен құттықтаймын!

